



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 6 сәуір 2012 жылғы №148 бұйрығы, КР «Білім туралы» Заңына, әкімшілік кодекісі мектеп жарғысы және басқа заңнамалық актілеріне сәйкес 2022 жылдың 31 тамыз күні №1 педагогикалық кеңестің шешімімен қабылданған



Бекітімні  
Мектеп директоры  
Е. Юсупов



Келісемін  
Кәсіподак үйымының  
торақсы  
А. Шералиев



Келісемін  
Кәсіподак үйымының  
торайымы  
А. Абдуллаева

Макұлданды ата-аналар  
жиналышының шешімі  
Е. Омарбеков

01.09.2023 жыл

## №20 Т. Бердияров атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп ережесі.

### Ереженің басты ұстанымы:

Тәртіпсіз ел болмайды,

Тәртіпке бас иген құл болмайды.

**Б. Момышұлы**

### Ереженің басты мақсаты:

Жалпыға бірдей міндетті орта білім беруді іске асыру, жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеріп, оның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғамдағы өмірге бейімдеу, кәсіпті таңдауға, менгеруге негіз жасау.

### Ереженің басты міндеттері:

- окушилардың білім беру бағдарламаны толық игеруі үшін жағдай жасау;
- білім беру стандарттарында көзделген деңгейде білім, машық, дағды алуын қамтамасыз ету;
- окушиның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылық және дene бітімі мүмкіндіктерін дамыту;
- адамгершілік, отансұйғыштік қасиеттерін, салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру;

### Мектептке қабылдау және шығару тәртібі:

Мектепке қабылдау қабылдау және шығару тәртібі КР «Білім туралы» заңында көрсетілген үлгідегі ереже негізінде, жергілікті атқарушы органдар бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепалды дайындық тобына ағымдағы жылдың 1-қыркүйегіне 5 жасқа толған, 1-сыныпқа ағымдағы жылдың 1-қыркүйегіне 6 жасқа толған балалар қабылданады.

Қабылдау ата-ананың немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші, медициналық анықтамасы және туу туралы күеліктің көшірмесі негізінде «Мектеп Sitsen» сайты арқылы жүзеге асырылады.

КР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектеп жарғысының 4-тарауы, 4 бабы, 6 тармақшасында көрсетілгендей жалпы білім беретін оку орындарынан 16 жасқа дейінгі балаларда ерекше жағдайларда білім беруді басқару органдарының шешімі бойынша заңға қайшы әрекеттер жасағандығы үшін, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғандығы үшін оқудан шығаруға жол беріледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқудан шығару туралы шешім қамқоршы және қорғаншы органдарының келісімімен қабылданады.

Мектептегі білім беру процесінің «Мектеп жарғысының» 5 тарауы 5.1. – 5.25 баптары мен тармақшаларында көрсетілген талаптари негізінде және жергілікті атқарушы органдар бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ағымдағы білімін тексеру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2011ж. 24 қазан №487-IV Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мен жергілікті атқарушы органдар бекіткен ережелер басшылыққа алынады.

### **Мектеп оқушыларының тәртіп ережесі:**

КР «Білім туралы» заңына сәйкес мектеп оқушыларының құқықтары:

1. Мемлекеттік стандартқа сәйкес білім алуға, өзінің ар-намысын құрметтеуді талап етуге, ақпарат алу еркіндігіне, өзіндік ой-пікірлерін білдіруге;
2. Мектепті басқаруға қатысуға, еңбек мамандығын, оқудың дербес бағдарламалары мен курстарын таңдауға;
3. Мектептің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып білім аясын кеңейтуде белсенділік танытуға, сынып жетекшісіне, мұғалімдерге өзінің қындықтары туралы хабарлап, ольардан көмек, түсінік жауап алуға;
4. Мектеп жұмысына қатысты пікірлерін ашық білдіруге, мектеп заңдарын, сыныптан тыс ұйымдастырылатын сабактарға, үйірмелерге, клубтарға, спорт секцияларына қатысуға;
5. Өз қабілеті мен мүмкіндігін таныту арқылы мектеп атынан сайвыстарға, байқауларға, жарыстарға және мәдени іс-шараларға қатысуға;
6. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен оқушылардың материалдық көмек алуға;
7. Мектептен және білім беретін мекемелермен тығыз байланыста болуға құқықтары бар.

### **Мектеп оқушыларының міндеттері:**

Әрбір оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес төменде көрсетілген талаптарды толық сақтауға, бұлжытпай орындауға міндетті:

Атап айтқанда:

1. Мектеп оқушысы сапалы білім, саналы тәрбие алуға, білім дәрежесін үнемі арттыруға;
2. Сабакқа 10 минут ерте келуге;
3. Сабактан себепсіз қалмауға, себепті қалған сәтте дер кезінде анықтама немесе қолхат тапсыруға;
4. Сабакқа кешікпеуге/I аудиосым сағат 8.00/; II аудиосым сағат 14.10
5. Сабак уақытында ұялы телефон пайдаланбауға /Оқушы сабак уақытында ұялы сымтетігін өшіруге міндетті/I аудиосым 8.00-13.55дейін/;II аудиосым сағат 14.10-19.05
6. Кезекші болған кезде 30 минут ерте келіп, сабак аяқталған соң кезекшіге тазалықты тапсыруға;
7. Сынып жетекшісінің, пән мұғалімдерінің, кезекші мұғалімдер мен қызметкерлердің талабын, техника қауіпсіздігі жөнінде нұсқауларын бұлжытпай орындауға;
8. Педагог қызметкерлер мен мектептің кіші қызметкерлерін қадірлеу, меуктеп директорының, мұғалімдердің, сынып жетекшісінің, педагогикалық ұжымның нұсқаулары мен мектептің бүйрық, ережелеріне бағынуға;
9. Мектеп оқушысына тән мінез-құлық ережелерін сақтауға;
- 10.Мұғалімдер мен ата-аналардың заңды талаптарын орындауға;
- 11.Әрбір адамның ар-намысын құрметтей отырып, өзін кез-келген жағдайда лайықты ұстауға;
- 12.Тәртіпті, қарапайым және кішіпейіл болуға, өзін-өзі басқару органдарының шешімдерін орындауға;
- 13.Дөрекі сөз қолданбауға, дөрекі мінез көрсетпеуге;
- 14.Үлкендер құрметтеуге, кішіге күш көрсетпеуге, басқа адамның ар-намысын қадірлеуге, құқық бұзушылыққа жол бермеуге;
- 15.Сыныпта, дәлізде, аулада тәртіп сақтауға;
- 16.Үлкендермен әңгімелесу кезінде орнынан тұруға;
- 17.Сабакқа қатысы жоқ заттарды мектепке алып келмеуге;
- 18.Сабакқа окулық, дәптер, күнделік т.б. кажетті оку құралдарын түгел алып келуге;
- 19.Мектеп және сынып оқушыларының өзін-өзі басқару жұмысына араласуға;
- 20.Дер кезінде күнделік толтырып, пән мұғалімдеріне бағаларын қойдыруға;
- 21.Оқуды, еңбекті дұрыс ұйымдастырып, бос уақытты дұрыс пайдалану мақсатында мектепшілік немесе мектептен тыс үйрмеге қатысуға;
- 22.Оқуға арналған уақытты дұрыс пайдалануға, сыныптан және мектептен тыс шараларға қатысуға;
- 23.Көшеде жүру, өрттен сақтану, суда жузу тәртіп ережелерін білуге және қатаң сақтауға.
- 24.Мектепшілік қоғамдық жұмыстарға қатысуға
- 25.Мектеп ғимараттары мен оның аумағын үнемі тазалықта ұстауға
- 26.Өндірістік және пайдалы еңбекке белсенділікпен қатысуға
- 27.Әрқашан мектеп ұжымының игілігіне үлес қосып, мектеп намысын, беделін қорғап, оның дәстүрлерін жалғастыруға;
- 28.Тұған өлкемізді көркейтуге ат салысуға;

29.Мектепте,отбасында,күнделікті өмірде салауатты өмір салтын Қалыптастыруға (спортпен шұғылдану,темекі шекпеу,iшімдік ішпеу т.б);

30. «Жасулан» балалар үйымының бағдарламалары бойынша жұмыс жүргізуге;  
31.Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін көзінің қара шығындағы сақтап,сүюге,қастерлеуге;  
- «Білім туралы» заңын 47 бабының төменгі тармақшаларында көрсетілген;

14. Білім алушылармен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді,шеберлікті,практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге,iшкі тәртіп ережелерін сақтауға,білім беру үйымының да талаптарды орындауға.

15.Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге,рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндettі.  
**«Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес негізделген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес;**

15-1.Білім алушылар білім беру үйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндettі:

Атап айтқанда, оқушылардың сырт көрнісі төмендегі талаптарға сай болуы міндettеледі.

- Оқушылар мектепке таза,ұқыпты,бірыңғай мектеп формасын киүгө міндettі;
- Қыздардың мектеп формасы: ақ жиде, ақ бантик, қою көк түсті классикалық үлгідегі белдемше ( ұзындығы тізеден төмен болуы тиіс) және жакет, қыскы уақытта қою көк түсті костюм, қою көк түсті классикалық шалбар.
- Ер балалар ақ жиде, қою көк түсті классикалық пиджак, желет, классикалық шалбар (еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы міндettедеді) сәйкес келетін аяқ киімде болуы міндettі;
- Ер-балалар шашын қысқа алдырып,қыздар шаштарын өріп,түйіп ақ бантик тағу қажет.(мектеп оқушысына тән сән үлгісі суретте көрсетілген);
- АӘД сабағында әскери камуфляж, дene шынықтыру сабактарында спорттық киім үлгісін киіп қатысуға міндettі;
- Салтанатты жағдайларда оқушылардың сыртқы көрнісі салтанатқа сәйкес болуы қажет;

Оқушылар өздерінің денсаулығы,санитарлық-гигиеналық тазалығын сақтауы керек;

16.Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін,өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндettі.

17.Білім алушылардың,тәрбиеленушілердің жоғарыда аталған міндettтерін бұзғаны үшін немесе талапқа сай орындағаны үшін білім беру үйымының ішкі тәртіп ережелері мен жарғысында көзделген тәртіптікіпал ету шаралары және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзгеде шаралар қолданылуы мүмкін.

**Атап айтқанда:**

- 1.Ескерту
- 2.Сөгіс

- 3.Ата-анасыншақ ырып,түсініктеме алынып,бала тәрбиесін қадағалау міндеттеледі.Тәртібіне,өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілігі ескертіледі.
- 4.Әкімшілік Кодексінің 111 бабына сәйкес ата-анасына тәртіптік шара колданылады.

### **Ережеде көрсетілгендей оқушыларға қатаң тыйым салынады:**

- 1.Сабакқа кешігіп келуге, себепсіз қалуға;
2. Сабак кезінде сабактан себепсіз кетуге;
3. Сабак үстінде ұялы телефонды пайдалануға;
- 4.Мектеп аумағында темекі шегуге,есірткі т.б заттарды пайдалануға,таратуға;
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 336 бабы, 3 тармақшасында көрсетілгендей тұнгі уақыт 22.00-ден 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде, көшеде жүргүге, қыдыруға;
6. Діни сенім-нанымдарға байланысты және басқа да ұйымдарға, ұлттарға, діни-секталарға қатысы барлығын немесе байлығын көрсететін киім ұлгісі мен белгілерін киіп немесе тағып өзін өзгелерден ерекшелендіруге қатаң тыйым салынады;

### **Ата-аналардың құқықтары:**

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшелігін ескере отырып білім беру үйымын таңдауға;
2. Ата-ана комитеті арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға ;
3. Білім беру үйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, міnez-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
4. Өз балаларының оқыту мен тәрбиелеу проблеммалары жөнінде психологиялық-медициналық, педагогикалық кеңес алуға;
5. Балаларының шаттық негізде қосымша қызмет алына құқығы бар;
6. Бес жастағы балалардың мектепалды дағдыларын қамтамасыз етуге, алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге құқылы.

### **Мектеп басшылығы мен мұғалімдердің міндеттері.**

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытуға;
3. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны- Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Халық дәстүрлерін

қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністер төзбеуге тәрбиелеуге ;

4. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеуге, республиканы қоғамдық-саяси, экокономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға;
5. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ ұлты мен республиканың басқа да ұлттарының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруге бейімдеуге;
6. Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін тандауға, білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
7. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
8. Білім беру ұйымы әкімшілігінің бүйрықтары мен өкімдерін орындауға;
9. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасын көтеруге;
10. Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
11. Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға
12. Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
13. Окушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
14. Мектептің ішкі тәртіп ережесі талаптарыны мұлтіксіз орындауға және окушылар мен ата-аналардан ішкі тәртіп ережесі талаптарының орындалуын талап етуге;
15. Мұғалім мен білім алушының ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты педагогикалық талаптарға сәйкес қалыптастыруға және жүзеге асыруға;
16. Мектепте іскерлік киім ұлгісін ұстануға;
17. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бүйымдарды ( сақина, сырға, білезік, моншақ т.б.) әкелмеуге және пайдаланбауға ;
18. Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар, т.б.) әкелмеуге, пайдаланбауға, өзге азаматтарға соның ішінде тәрбие алушыларға насхаттамауға;
19. Мектептің ішінде ұлт аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға;
20. 21. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бүйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиттер, аудио және бейне таспалар және т.б.) әкелмеуге және діни тұрғыдағы киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка, т.б.) кимеуге, пайдаланбауға , басқа адамдарға , соның ішінде тәрбие алушыларға насхаттамауға ;

22. Мектеп оқушыларның күнделікті сабакқа қатысуын бақылауға ;
23. Мінезі ауыр оқушылармен тұрақты жеке жұмыстарды ұйымдастыруға міндетті.

### **Ата-аналар міндеттері.**

- 1.Балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұргыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білімі мен тәрбие сапасын жаксартуға үлес қосуға, баланың сабактан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;
- 2.Өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сұру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға (*Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27 бабының 2-тармақшасы*);
- 3.Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етene құқығы әрі міндеті екенін мойындауға; (*Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармақшасы*);
- 4.«Баланы тәрбиелеуге , оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге » (*Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24-бабының 2-тармақшасы*);
- 5.Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (*Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Заңының 37-бабының 2-тармақшасы*);
- 6.Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру үйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы » Заңының 49-бабының 3-тармақшасы*);
7. Балаларының білім беру үйымдарында белгіленген киім үлгісін сактауына; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1 тармақшасы*);
- 8.Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға. Күнделікті сабактан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;
- 9.Сабак уақытында ұялы телефон, смартфон, планшет ұстаппауға;
10. Күзгі, қыскы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балага толық жауапкершілікті оз мойнына алуға;
- 11.Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге;
- 12.Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;
- 13.Баланың кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;

- 14.Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға; Баланың өз бетімен балық аулауына, жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;
- 15.Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (*әсіресе қызы бала тәрбиесіне*) қатты көңіл бөлуге;
- 16.Балаларының мектепте нашақорлық түрғыдағы заттарды (*темекі, насыбай, есірткі заттар*) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттауына жол бермеуге;
- 17.Балаларының мектепке өткір, үшкір, сұық қаруларды (қарудың барлық түріпышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (*мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б*) өнеркәсіптік құралдарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, улы, психоактивті заттарды әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 18.Балаларының мектеп ішінде ұлт-аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
19. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (*сақина, сырға, білезік, моншақ т.б*) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 20.Балаларының мектепке діни түрғыдағы заттар мен бұйымдарды (*крест, тәспі, айшиқ, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б*) және киімдерді (*хиджаб, орамал, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б*) әкелуіне, пайдалануына, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттауына жол бермеуге міндettі.

### **Мектеп оқушыларының міндеттері.**

- 1.Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға;
- 2.Сабакқа кешікпеуге, сабактан себепсіз қалмауға;
3. Мектеп формасын сақтауға, сабакқа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;
- 4.Өз ауысымының басталуына 15 минут қалғанда мектепте болуға;
- 5.Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;
- 6.Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға;
7. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;
- 8.Мектеп мүлкін бұзбауға;
- 9.Сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;
- 10.Кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз бармауға;
11. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насиҳат кітаптарымен парапталарын алуына, окуына және таратуына қатаң тыйым салуға;
- 12.Мектеп қабырғасы ішіне ұялы телефон, смартфон, планшет әкелуге болмайды; Бұл шектеулер деңсаулықты бақылау үшін смартфонды қажет ететін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты емес. Сабак уақытысында ұялы телефон, смартфон, планшет пайдаланбауға;
13. Мектепке нашақорлық түрғыдағы заттарды (*темекі, насыбай, есірткі заттар*) әкелмеуге, пайдаланбауға;

- 14.Мектепке өткір, үшкір, сұық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
15. Мектептің ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгени кемсітпеуге;
- 16.Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
17. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді ( хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насиҳаттамауға ;
- 18.Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндettі.

7. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру үйымдарына жәрдем көрсетуге ;
8. Балалар оқу орнындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге, себепсіз қалдырмауға, себепті қалған жағдайда анықтама немесе қолхат тапсыруға;
9. Баланың ұялы телефонын күнделікті тексеруге, сабак кезінде пайдаланбауын қадағалауға;
10. Бала тәрбиесінің негізі ата-ана жауапкешілігінде екендігін есте сақтауға;
11. Баланы оқулықтар мен басқада оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;
12. Баланың мектеп формасын(ақ көйлек, қара юбка, қара костюм, шалбар киінуін, галстук тағуын, балалар шаштарын қысқа алдырып, қыздар шаштарын өсіріп, түйіп банттар тағуын үнемі қадағалауға, сенім-нанымға, байлығына байланысты киіндіріп ерекшелендірмеуге міндettі);
13. Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дene күшін дамытуды имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
14. Баланың үй тапсырмасын орындауын қадағалауға, күнделіктерінің толтырылуын, бағаларын қадағалап, қол қойып отыруға;
15. Баланың көшеде ережелерінің сақтауын еске салып тұруға;
16. Сабактан бос уақытында және демалыс күндерінде оқушының денсаулығына және өмір қауіпсіздігіне жауапты және қамтамасыз етуге міндettі;
17. Кешкі уақытта сағат 22.00-ден кейін қала көшелерінде қыдыруға, ойынханаға, тойханаларға, би кештеріне бармауын қадағалауға;(Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі 112-бап бойынша жауап береді);
18. Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында бір немесе бірнеше үйірмелерге катысуын қадағалауға, жағдай жасауға;

19. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі, пән мұғалімдерімен үнемі байланыста болуға, ата-аналар жиналысына қатысуға міндетті;

*Ереже Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 47-бабы, 47-8; Қ әкімшілік құқық бұзушылық туралы 111-бабының 1-2, 112-1 бабы негізіндегі жаупкершіліктерді орындаудың жаупкершілігі.*

### **ЕСКЕРТУ**

#### **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі 12 таралу 1.111-бап.**

*Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жоніндегі міндеттерді орындаудың жаупкершілігі.*

1. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу жоніндегі міндеттерін орындауды – ескерту жасауда немесе айлық есептік көрсеткіштің беске дейнгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.
2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық ұдайы қолданудың не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысудың әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықмбелгілері бар әрекеттер жасауды – ата-аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне айлық есептік көрсеткіштің алтыдан онға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.
3. 112-1 бап. Б-336-3 тармағының негізінде кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз тұнгі уақытта (сағат 22.00-ден танғы 6.00-ге дейін) ойын-сауық мекемелерінде болудың жол берілмейді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі бойынша 111 баппен ата-аналар жаупкершілікке тартылады.

#### ***Мектеп қызметкерлерінің міндетті:***

1. Мектеп ережесіне сай өз міндеттіндегі жұмыстарды дер кезінде және дұрыс орындауда, адаптацияда, қызмет етуге;
2. I-ауысым мұғалімдері мен кезекші мұғалім I-ауысымда сағат 8.00-ге келуге;
3. Ұжымның әр мүшесі әкімшіліктің тапсырмасын мүлтіксіз орындауда;
4. Әр мұғалім өзінің орындаушылық тәртібін нығайтуға;
5. Барлық мұғалімдер мектептің ішкі тәртіп ережесі мен жарғысының талабына сәйкес классикалық киім үлгісін киуге;
6. Әрбір қызметкер еңбекті қорғауда, ортке қарсы шараларды, техника қауіпсіздігін, өндірістік санитарлық гигиена талаптарын орындауда міндетті;
7. Әрдайым оқушылармен, ата-аналармен, ұжым мүшелерімен мұғалім этикасына сәйкес дұрыс қарым-қатынас жасай білуғе;
8. Мұғалім өзінің шығармашылық қабілеттерін, теориялық білімін іскерлікпен жетілдіруге;
9. Әр қызметкер ұстаз ретінде өзінің әрбір әрекетімен мектепте, қоғамдық орындарда үлгі көрсетуге міндетті;

- . Жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- . Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
- . Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- . Өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- . Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- . Оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

### ***Кезекші мұғалімдердің қызметтік міндеттері:***

6. Сабак басталудан 20 минут бұрын кезекшілікті қабылдан алуды және сабактар аяқталғаннан кейін кезекшілікті кезекші әріптесіне тапсыру;
17. Барлық сыныптарда сабак басталғаннан кейін өзінің сабагына бару;
18. Сыныптардың кезекшілігін ұйымдастыру;
19. Сыныптардың, мектепшілік тазалығын бақылау, үлкен үзілістен және сабактан кейінгі тазалықты тексеру;
20. Әр күні кезекшілік журналын жүргізіп кешігушілер, сабакка келмегендер және тазалық, тәртіп, форма туралы ауысым бойынша директор орынбасарына мәлімет беру;
21. Жұма сайын кезекшілік қорытындысын шығару;
22. Апталық кезекшіліктің қорытындысы бойынша қабырға газетін шығару;
23. Кезекші мұғалімге және кезекші сыныпқа: тазалыққа және мектеп мүлкін сақтауына жауапкершілік жүктеледі;
24. Кезекшілік соңында ауысым бойынша мектеп директорының оку тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына есеп беріп кезекшілікті тапсыруға міндетті;
25. Кезекшілікке жауапты мұғалім, кезекші сынып жетекшісі, қабаттар бойынша жауапты кезекші мұғалімдер кезекшілікте көрсетілген уақытта кешікпей келуі міндетті;
26. Кезекші мұғалімдер кезекшілік аумағын кабылдар алдында кабинеттердің сабакқа дайын екенін қарап шығып, байқалған кемшіліктерді директордың оку ісі жөніндегі орынбасарына хабарлауы тиіс;
27. Кезекшіге жауапты мұғалім мен вахтер екеуі бірге оқушыларды кіре берісте қарсы алады. Егер оқушының киімі мектеп оқушыларына тән киім ұлгісіне сай келмесе немесе рұқсат етілмеген заттарды әкелмеген болса сабакқа кіргізбей, сынып жетекшісіне хабарлайды;
28. Ұзіліс кезінде өз жанына әріптерін немесе оқушыларын жинап тұрмайды;
29. Кезекші мұғалім сабағы аяқталған оқушыларды үйлеріне қайтарып, олардың мектеп маңында қалмауын қадағалайды;
30. Мұғалім кезекшілікке себепсіз келмеген немесе кезекшілікке жауапсыз қараган жағдайда мектеп әкімшілігі оның 1-күндік еңбек ақысын қысқарту, кезекші сыныптың кезекшілігін 1-аптаға созу және әкімшілік жауапқа тарту мәселесін қарастырады;

## ***Сынып жетекшілерінің құқықтары:***

окушылардың деңсаулығы және психикалық жағдайы туралы маглұмат алып отыру; сынып оқушыларының сабакқа қатысуын қадағалау; уақытында көмек көрсету мақсатымен, оқушылардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы толық маглұмат жинап отыру; кіші педагогикалық кеңестер, консилиумдар өткізу арқылы, сынып оқушыларына тәрбиелік ықпал жасайтын пән мұғалімдерінің жұмысын ұйымдастыру; сыныптағы қыздармен, ұлдармен, ата-аналарымен өткізетін жұмысты мектеп психологы, әлеуметтік педагогтар және мектеп медбикесімен бірге отырып жоспарлау; ата-аналарды мектепке шақырып отыру; мектептегі өзін-өзі басқаратын ұйымдардың жұмысына қатысу, педагогикалық кеңес, әкімшілік кеңес, ғылыми-әдістемелік кеңестерге сынып жетекшілігі жұмысын жетілдіру жолдары туралы ұсыныс пікірлерін беру; тәрбие жұмысының әр саласы бойынша әдістемелік және тәрбиелік-эксперименттік жұмыс жүргізу; өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру формаларын таңдал алу, әдістемелік жұмыстың әрбір түрлеріне қатысу; егер сынып жұмысының бағасымен келіспесе, өзінің намысын қорғау үшін оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарында немесе мұғалімдер кеңесінде сөз алып сөйлеуге құқықты;

## ***Сынып жетекшілерінің қызметтік міндеттері:***

1. Күнделіктірте келіп өз оқушыларын мектепте қарсы алады, түгелдеп, келмей қалған оқушылардың себебін анықтайты. МАД және бастауыш сынып жетекшілері сабак аяқталған соң сынып оқушыларын ата-анасына табыстайды. Егер ата-анасы келмей қалған жағдайда жолдан өткізіп үйіне шығарып салады;
2. Сынып оқушыларын бүгінгі сабактарды тиянақты игеруге дайындайды;
3. Өз сыныбындағы пән мұғалімдерімен бірге тығыз байланысты болады;
4. Сыныпты өзін-өзі басқару, қоғамға пайдалы еңбекке баулиды. Сенбіліктерді ұйымдастырып, экологиялық насиҳат жұмыстарын жүргізеді;
5. Мектеппен әрбір отбасының байланысын нығайтады;
6. Оқушылардың күнделікті сабакқа қатысуын, дайындығын, сыртқы келбеті мен мінездікүлкін, сынып бөлмесінің тазалығын қадағалайды;
7. Оқушылардың оқу, тәрбие процесіндегі кемшіліктерін дер кезінде ескертіп, шарақолданады;
8. Оқушылардың өзіндік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды;
9. Көшеде жүру тәртібін, техника қауіпсіздігін, санитарлық гигиенасын, тазалықты сақтау шараларын оқушы есіне салып, үнемі қадағалайды;
10. Оқыту мен тәрбие жұмыстарында оқушыларды жоғары кәсіптік деңгейде тәрбиелейді;
11. Тәртіпті, саналы, жан-жақты білімді азамат етіп тәрбиелейді;
12. Педагогикалық этика нормаларын сақтай отырып, оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізеді;
13. Сынып оқушыларының біртұтас ұжым болып қалыптасуына жағдай жасап, ұжымдық құрылымды тұрақтандыруды қамтамасыз етеді. Өзін-өзі реттеу, ұйымдастыру

механизмдерін іске асырып, ұжым мүшелеріне ортақ құндылықтардың міндettі түрде орындалуына ұжымдық жауапкершілік сезімін қалыптастырады;

### ***Сынып жетекшілері нені білуі тиіс?***

Казакстан Республикасының «Білім туралы» Заңын;

Балалар құқығы туралы Конвенциясы /1993/;

Казакстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңын/2002/.

### ***Пән кабинеті менгерушісінің міндемі:***

1. Пән кабинетінің құжаттарын дайындау, құжаттаудан өткізу;
2. Пән кабинетінде техника қауіпсіздік ережелерін сақталуын қадағалау;
3. Пән кабинетінің санитарлық-гигиеналық жағдайларының талапқа сай болуын қамтамасыз ету;
4. Пән кабинетімүлкінің сақталуына жауапты;
5. Пән кабинетінде аптасына бір рет тазалық жұмыстарын ұйымдастыру;
6. Пән кабинетінде дидактикалық және таратпа материалдарын, кітапхана қорын жинақтау ;
7. Пән кабинетінде көрнекі құралдар тізбесін жасау;

### ***Мектеп мұғалімдерінің қызметтік міндемтері:***

- Мұғалім мектепке 1-ауысымда сағ. 8.00-ден кешігіп келмеуі керек.
- Әрбір мұғалім жұмысқа келген соң, күнделікті хабарлама тақтасындағы жаңалықтармен танысып отыруға міндettі. Мұғалім әрбір сабакқа алдын ала мұқият дайындалып, керекті көрнекі құралдарын уақытылы әзірлеуі тиіс.
- Сабак жоспарын күнделікті кезекші мектеп директорының орынбасарларына бекітіріп отыру керек.
- Сабакты бастамас бұрын мұғалім сынып ішінің тазалығына, оқушылардың тұрсыптына, тәртібіне көңіл бөліп сабакты бастауы керек. Тыныштық пен тәртіп орнамай сабакты бастауға болмайды.
- Мұғалім топ басшысының берген тізімі бойынша келмеген оқушыларды журналға ретімен белгілейді. Сабак басталғаннан кейін, кешігіп келген оқушылар сабакқа директор орынбасарларының немесе директордың рұқсатымен кіреді. Тақтаға оқушыны шығарғанда оның бағасын электронды журнал мен күнделікке белгілеу керек. Оқушы сабакқа себепсіз жауап бере алмаса мұғалім оған да күнделік пен электронды журналға белгі коюы керек.

- Үй тапсырмасын мұғалім үзіліске дейін беруі керек. Ретімен орындау үшін керекті ескертпелер жасайды. Берілген тапсырмаларды тақтаға жазып оны оқушылардың жазып алуын бақылайды.
- Мұғалім жазба жұмыстары мен лабораториялық жұмыстарды өткізіп болған соң, міндettі түрде дер кезінде тексеріп, кемшіліктері мен жетістіктерін көрсетіп, бағалауға және оқушылардың алған бағаларын журналға сол күні қоюға міндettі.
- Мұғалім қонырау соғылғанға дейін сабакты аяқтауға міндettі. Қонырау соғылғанда «Сабак бітті, тұрындар, оку бөлмесінен сыртқа шығындар» - деп оқушылардың оку бөлмесінен шығуын қадағалау керек. Оқушылар шығып болған соң кезекші бөлменің ауасын тазарту үшін терезені ашып қоюы керек.
- Мұғалім сабак кезінде тазалық пен тәртіпке, мұліктің сақталуына жауап береді. Сынып бөлмесі ішінде сынған, жоғалған немесе басқа да бүлінген дүние-мұліктегі жайында дер кезінде мектеп әкімшілігіне хабарлауға міндettі. Мектептің әрбір ғимаратындағы оку тәрбие ісі, тәртіп пен тазалық, сыныптар мен дәліздердің эстетикалық безендірілуі, оқытушылар мен оқушылардың жүріс тұрысы, сырт келбетімен сән-салтанаты, өзара қарым-қатынас этикасын, сол ғимараттың және ауысымның жауапты басшысы белгілеген талапқа сай жүзеге асыруын қадағалайды. Сабак аяқталған соң жоғарыда аталған жұмыстардың орындалуы жөнінде ауысым орынбасарына хабарлап орталық басқару жүйесіне мәлімет беруі тиіс.
- 0. Әрбір мұғалім өзінің біліктілік деңгейі мен тәжірибесін арттыру және озық тәжірибе алмасу мақсатында мектеп ұжымының білім беру сапасын арттыру ісіне белсенді атсалысуы тиіс. Осы мақсатта әрбір мұғалім міндettі түрде мектептің педагогикалық кеңесі, директор жанындағы, директор орынбасарлары жанындағы, әдіstemлік кеңестер мен жиналыс, семинар, конференцияларда жалпы мектептің оку-тәрбиелік мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық-көпшілік іс-шараларға белсенді түрде қатысып өз пікірлері мен ұсыныстарын бөлісуі тиіс және өзіне жүктелген қоғамдық тапсырмаларды орындауға міндettі.

Сонымен қатар, аптасына кемінде үш мұғалімнің сабағына еніп өзінің пікір, ұсыныстарын білдіруге тәжірибе алмасуға міндettі.

1. Қаламыздың экологиялық тазалығын сақтап, жасыл желекті көркем калаға айналдыру ісін оқушылар мен ата-аналар арасында жүйелі түрде насиҳаттай отырып, аптасына бір рет жалпы қалалық сенбілікке мұғалім өзі тікелей қатысып өнеге көрсетуге міндettі.
2. Мұғалімдер аптаның сабактан бос 1 күнінде мектеп директорының ауысым бойынша оку ісінің орынбасарлары түзген кестеге сәйкес кезекшілік қызметін атқаруға міндettі.
3. Сынып жетекшілігі бар мұғалімдер өз сыныбымен бірге мектеп директорының ауысым бойынша оку ісінің орынбасарлары түзген кестеге сәйкес кезекшілік қызметін атқарады. Кезекшілердің қызметтік міндettі жеке көрсетіледі және оған танысқаны жөнінде мұғалімнің қолы қойылады.
4. Жоғарыда аталған қызметтік міндettердің орындалуына жауапсыз қараган мұғалімге әкімшілік шара қолданылуы тиіс.
5. Мұғалім өз пәні бойынша оқушылардың толық оку құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалап, олардың білім сапасын үздіксіз арттыру жолдарын іздестіруге міндettі.
6. Өз пәні бойынша оқушылардың білімін жоғары деңгейге жеткізу, білім сапасын арттыру, қабілетті оқушыларды шығармашылдық ізденіске баулу, үлгермеуші немесе

ықылсы төмен оқушылардың білімге құштарлығын ояту мақсатында олармен жеке жұмыстар жүргізуге міндettі.

7. Оқушылардың білімі мен тәртібіне сәйкес тиісті баға беріп, ұстаздық этикаға сәйкес оқушыға және оның ата-анасына тиісті ақыл-кеңестер беруге және өзінің білімі мен мәдениеті көрініс табатын іс-әрекетімен өзгеге өнеге болуға міндettі.
3. Жұмысқа кемінде 20 минут ерте келіп, сабак аяқталған соң келесі күннің сабактарына, дайындалуымен қатар оқушылардың жазба жұмыстарын, лабораториялық жұмыстарын тексертіп баға қою үшін кемінде 2-сағат бөлуге міндettі.

*Директор орынбасарларының міндептері:*

1. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне жауапты;
2. Мектеп директорына тиісті есептерді, мәліметтерді уақытылы тапсыруға;
3. Мектеп қызметкерлері мен ата-аналармен дұрыс мәміле жасауға;

**Мектеп әкімшілігі**